

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IV Республиканской научно-практической
онлайн конференции «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового
Казахстана», посвященной 25-летию Независимости
Республики Казахстан**

**2016 жыл 25 қараша
Астана**

**ӘОЖ 342 (063)
Ж 28**

«Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың тағдырқешті шешімдері» Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған атты IV Республикалық ғылыми-
практикалық онлайн конференциясы = «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового Казахстана» IV
Республиканская научно-практическая онлайн конференция,
посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан
Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-
nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya](http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya), 2016. – б. (қазақша, орысша).

ISBN 978–9965–31–813-9

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых гуманитарных наук.

ӘОЖ 342 (063)

ISBN 978–9965–31–813-9

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Ashimkhanova K.	Territorial and border issues in Central Asia: historical approach	5
2.	Toimbayeva A.S.	Co-operation between France and Kazakhstan in the framework of cultural diplomacy	8
3.	Әбдіғали Н.Ә.	Н.Ә.Назарбаевтың – Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты	12
4.	Әбішева М.М.	Ел басының игі бастамаларының бірі – әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі	19
5.	Альжаппарова Б.К.	Из истории «продразверсток» в Центральном Казахстане в начале 1920-х гг.	23
6.	Галимжанова С.Б.	Основополагающие институциональные реформы в экономике Казахстана	29
7.	Еменова Н.	Н.Ә.Назарбаевтың саяси тұлға ретінде қалыптасуы	35
8.	Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б.	Роль Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в развитии музыкальной инфраструктуры Астаны	41
9.	Жунисбеков Е.Н.	Деятельность РК в ООН: инициативы Н. Назарбаева	43
10.	Ибрагимов Ж.И.	Тұңғыш Президенттің институционалды реформаларды жүргізудегі ролі	47
11.	Иманбай А.Р.	Тарихи дыбыс өзгерістерінің түбір құрылымына әсері	52
12.	Искаков Қ.А.	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстандағы білімді ұрпақ даярлау жолындағы саясаты	59
13.	Қабылшаев Қ.И.	Ұлы Жеңіске – қомақты үлес (Қазақстан теміржол көлігінің тылдағы ерен еңбегі хақында)	62
14.	Каирбаева Н.А.	МИИДБ-2 іске асыруда арнайы экономи-калық аймақтар ролі және оның құқықтық реттелуі	68
15.	Ковальская С.И.	Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации	70
16.	Қосыбаев М.М.	М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі отбасы және туыстық қатынастар жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвомәдени сипаты	73
17.	Кошман Т.В.	Ассамблея народа Казахстана как модель межнационального единства	79
18.	Махамбетжанова Ж.	Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар	82

19.	Мусабалина Г.Т.	Казахстанский путь в свете Послания Президента РК Н.А. Назарбаева	91
20.	Нугманова К.Ж.	Казахстанский путь и политика Первого Президента Республики Казахстан в продвижении позитивного имиджа страны	97
21.	Оспанова А.Н., Жанбулатова Р.С.	Казахстанско-Российское приграничное взаимодействие и опыт «Еврорегионов» в контексте Евразийской интеграции	102
22.	Пұсырманов Н.С.	Қазақстан қоғамын топтастырудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімі	109
23.	Сайфолла Ғ.А.	Ұлт көшбасшысының ел конституциясын әзірлеудегі орны	112
24.	Сәрсенбек Д.	Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі	116
25.	Сергазин Е.Ф.	25 лет - как молчит семипалатинский ядерный полигон	123
26.	Сулеймен Т.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы	126
27.	Токанов Е.Е.	Ұлт көшбасшысының Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеялары	136
28.	Турегалиев Б.Б	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды жаңғыртудағы рөлі	143
29.	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	Қазақстанға тигізген ядролық сынақ зардабы және Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту жолындағы күресі	152
30.	Хабдулина М.К., Брынза Т.В.	К тысячелетию Астаны	156
31.	Шойбекова А.С.	Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Р.Қошқарбаев ерлігіне жаңа көзқарастар	160
32.	Юмакаева Э.А.	Бесік в истории казахской материальной культуры	163

Список использованной литературы:

1. Акишев К.А., Хабдулина М.К. Средневековое городище Бозок: семантика планиграфии и функции. //Этнические взаимодействия на Южном Урале. – Челябинск, 2004. С.13-16.
2. Щербак А.М. Огуз-наме. Махаббат-наме. - М., 1959, С..50.
3. Назарбаев Н.А.. В сердце Евразии. - Астана, 2005, С. 76.
4. Севортян Э.В.. Этимологический словарь тюркских языков. - М., 1978, . 172 с..
5. Назарбаев Н.А. В сердце Евразии Астана. 2005. с. 76.
6. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. - М.-Л., 1951. с. 42; он же. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. - М.-Л., 1959. с. 36.
7. E. Benveniste. Titros et noms propres en iranien ancien. Paris. 1966. s. 73-75; Е.А. Грантовский. О распространении иранских племен на территории Ирана// История Иранского государства и культуры. - М. 1971, С. 307-308.
8. Бозок в панораме средневековых культур Евразии: Материалы международного полевого семинара 29 -30 июля 2004 г. - Астана: ЕНУ. 2008.
9. Войтов В.Е. Древнетюркский пантеон и модель мироздания в культово-поминальных памятниках Монголии VI-VIII вв. - М., 1996. – 312 с.
10. Казаков А.А. К вопросу о функциональном назначении линий вал-ров// Социально-экономические структуры древних обществ Западной Сибири. Материалы Всероссийской научной конференции. - Барнаул, 1997. – 187 с.
11. Губайдуллин А.М. Фортификация городищ Волжской Булгарии. - Казань, 2002. – 314 с.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖЫЛДАРЫНДА Р. ҚОШҚАРБАЕВ ЕРЛІГІНЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАСТАР

Шойбекова А.С.

Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Баршаға белгілі ақиқат кешегі кеңес заманында ұзақ жылдар бойы КСРО және Қазақстан тарихына байланысты ғылыми-зерттеулерде маңызды оқиғалардың шындығы бүркемеленіп, бұрынғы үстем идеологияның арнасында жазылып келген болатын. Солардың бірі – Ұлы Отан соғысы тақырыбы болды. Соғыс тарихы Кеңестік мемлекеттік жүйедегі идеологияның аясына, талаптарына бағындырылып, біркелкі жағымды жақтарынан ғана баяндалды. Қатаң идеологиялық бақылау жағдайында зерттеушілер соғыс тарихының көлеңке жақтарын ашып көрсете алмады. Осының салдарынан шынайы тарихтың біршама беттері көпшілік назарынан тыс қалып отырды.

Тәуелсіз еліміздің ақиқатын танып, елі мен жері үшін, елінің намысы үшін күрескен аға ұрпақ өкілдерінің өмірі мен қызметін зерттеу қазіргі таңда аса өзекті болып отырған мәселелердің бірі. Болашағымыз өскелең ұрпақты ұлттық сана-сезім, патриотизм рухында тәрбиелеу туралы айтқанда нақ осы мәселенің

алтын арқауы – халқымыздың талай сын сәттерде суырылып шыққан көсемдерін айтпау мүмкін емес. Солардың бірі – Рақымжан Қошқарбаев. Ұлы Отан соғысы кезінде ерлік көрсетіп, жеңіс жалауын Рейхстагқа алғаш тіккендердің бірі болды. Бірақ, Кеңес Одағы кезінде ерлігі лайықты бағасын ала алмады. Академик Манаш Қозыбаев өзінің «Тарих зердесі» (Заман асуы) атты еңбегінде «Кеңес тарихының ең сүбелі бөлігі Ұлы Отан соғысының тарихы зерттеліп келеді. Алайда, әлі де шешуін күтіп тұрған проблемалар баршылық» деуі Р.Қошқарбаевқа қатысты айтылғандай, себебі Р.Қошқарбаевқа қатысты кейбір мәселелерді қайта қарауды, бағалауды талап етеді. Ұлы Отан соғысы кезінде ерлік көрсетіп, жеңіс жалауын Рейхстагқа алғаш тіккендердің бірі болды. Кеңес Одағы кезінде ерлігі ресми мойындалмаса да, тарихта өзіндік ойып алар орын болды және барша жұртқа ерлігі мәлім еді.

Рейхстаг – Германия фашизмінің мемлекеттік басты үйі. ХІХ ғасырдың аяғында Рейхстаг – неміс парламенті – герман мемлекетінің негізгі символына айналды. Оны алу соғыстың аяқталғанын білдіреді. Үшінші рейхтың ұясы болған түсі суық сұрғылт ғимарат кайзер Вильгельм I тікелей араласуымен 1884 жылдың 29 маусымында парламент үйі ретінде салына бастаған. Оның құрылысы 10 жыл бойы жүріп, тек кайзер Вильгельм II тұсында ғана мәресіне жетті. Аталған ғимаратқа ту тігу – бес жылға созылған қанды қырғынның соңғы нүктесін қою деген сөз. Негізі, Жеңіс жалауы тоғыз болатын. Степан Неустроев өзінің естелігінде Жеңіс тулары туралы: «22 сәуір күні Әскери кеңестің шешімімен 3-ші соққы армияның әрбір дивизиясына қызыл жалау берілді. Сол жалаулардың біреуі рейхстагтың төбесіне орнатылу керек болатын. Әскери кеңес осындай шешімді қабылдау барысында әрбір әскердің арасында жарыс жүретінін және ол саяси рухты көтеретінін ескерді. Ал, тоғыз жалаудың қайсысы Жеңіс туы болатынын шайқас кезінде шешілу тиіс болатын. Жалаулардың барлығы нөмірленген» [1, 106 б.], делінген.

Степан Неустроев 1 мамыр күнінің түнінде Рейхстагқа 79-шы атқыштар корпусының В.Давыдов пен Самсоновтың батальондарының жауынгерлері кіргенін және әрқайсысы Жеңіс жалауын тіккілері келгендіктерін айтқан. Және жалауды тіккен батырлардың есімдерін атаған: «Жалауды 674-ші полктен лейтенант Р.Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Г.Булатов, 1-ші батальонның 380-ші полкінен кіші сержант Е.Еремін мен қатардағы жауынгер Г.Савенко, 525-ші полктен сержант П.Смирнов пен қатардағы жауынгерлер Н.Беленков, Л.Сомов, 86-шы ауыр артиллериялық бригадadan сержант Б.Япаров тікті» [1, 152 б.]. Соғыс аяқталғаннан кейін 3-ші соққы армиясының саяси бөлімі мен 1-ші Белорус фронтының саяси басқармасы Рейхстагқа кім жеңіс жалауын тікті деген сұрақтың жауабын бір жыл талқылады. «Жау апанына кім бұрын жетсе, сол ту тігеді және сол жауынгер ғана ел аузындағы батыр атанады», деген сөздер айтылған күйінде қалды. Туды кім тігеді, олар қай ұлттан болады деген мәселе бірінші орында тұрды. Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрығымен нөмірленген ту, тізімделген жауынгер болмаса, басқасы есепке алынбады. Негізі «Рейхстагқа бірінші жеткен жауынгерлердің бәріне Батыр атағы беріледі» делінген, бірақ кейін бұл сөздер де ұмытылды. Ақыры, 1946 жылдың

8 мамырында марапаттау туралы Жарлық шықты. Осы Жарлықтың толық мазмұнын көрсетсек:

«КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Жарлығы

КСРО Қорғаныс Күшінің офицерлік пен сержанттық құрамына Берлиндегі Рейхстагтың төбесіне Жеңіс Жалауын тіккендерге Кеңес Одағының Батыр атағын беру туралы

Кеңес Одағының Батыр атағын Ленин ордені мен «Қызыл жұлдыз» наградасымен бірге марапаттау

1. Капитан Давыдов Василий Иннокентьевич
2. Сержант Егоров Михаил Алексейович
3. Кіші сержант Кантария Мелитон Варламович
4. Капитан Неустроев Степан Андреевич
5. Жоғары лейтенант Самсонов Константин Якович

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының
төрағасы Н.Шверник

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының
хатшысы А.Горкин

Москва. Кремль. 1946 жылдың 8 мамыры» [1, 152 б.].

Бірақ, бұл тізімдердің ішінде Р.Қошқарбаев пен Г.Булатов жоқ еді. Себебі, Берлинді алуда да, Рейхстагқа ту тігуде де саясат жұмыс істеді [2, 128 б.].

Жеңіс жалауын тіккен М.Егоров пен М.Кантария десе де, сол оқиғаның куәсі болғандар көп еді және олар да тарихи әділеттілікті сәті келгенде айтып жүрді. В.М.Шатилов өзінің естелігінде Жеңіс жалауы қарсыластар біраз басылған кезде, түнгі сағат 22.50 орнағаны туралы айтады: «Әрине, қандай мақсатқа болсын жету қиын, бірақ алдағы кедергілер әртүрлі болады. Сондықтан Р.Қошқарбаев пен Г.Булатовқа кездескен кедергілерді Кантария мен Егоровтың кедергілерімен салыстыруға болмайды. Күндіз, фашистердің тура алдында жасаған ерлікпен, түнде Рейхстаг фашистерден тазартылғаннан кейінгі ерлікті салыстыруға болмайды. Екеуі жер мен көктей еді» – делінген.

Осы ерлікті дәлелдейтін алғашқы фактілердің бірі – сол кезде әскери газеттерде шыққан мақалалар еді. Жеңіс жалауы тігілгені туралы дивизияның «Воин родины» газетінде 1945 жылы 3 мамыр күнінде былай деп жазылды: «Отанымыз батырлар есімін зор құрметпен атайды. Олардың асқан ерлігін мадақтап талай кітап жазылар, өлең шығарылар. Гитлеризм орталығына олар жеңіс туын тікті. Ерлер есімін есте сақтайық: лейтенант Рахымжан Қошқарбаев, қызыләскер Григорий Булатов. Олармен тізе қосып, Провоторов Лысенко, Орешко, Пачковский, Бреховский, Сорокиндер де алысты.

Олардың ерлігін Отан ешқашан да ұмытпайды» [3, 64 б.].

Осы газеттің 16 қыркүйегіндегі (1945 жыл) санында: «Рейхстагқа алдымен жетіп, оның майданшасына жалау тіккендер: лейтенант Қошқарбаев пен қызыл әскер Булатов. Күмбезіне Жеңіс Туын қадағандар: Егоров пен Кантария. Сондай-ақ Рейхстагқа өз жауынгерлерімен бірге алдыңғы лекте лап қойғандар: Сцянов, Грищенко, Неустроев, Давыдов, Логвиненко» - деп нақтылады [4, 6 б.].

Бұл деректі осы операцияға өз көздерімен куә болғандар белгілі қаламгер Б.Горбатов («Литературная газета», 18.12.1948), В.Субботин («Уральский

современник» - №10, 1947, «Крым», №2, 1948, «Дружные ребята» - №5, 1948, «Советский воин», №9, 1949), әскери суретші П.Кричевский («Комсомольская правда», 09.05.1962, «Литературная газета» - 28.04.1999), әскери кинооператор Р.Кармен («Казахстанская правда» - 08.05.1949) де растайды [4, б б.].

Осы фактілерді тізбектей келе Р.Қошқарбаевтың бұл ерлігі соғыстан кейінгі жылдары ресми мойындалмаса да, барша жұртшылықтың есінде қалғанын дәлелдейді. Және осы фактілердің негізінде Р.Қошқарбаевтың ерлігі бүгінгі таңда ерекше әрге ие болғанын, атап өтуге болады. Мәселен, Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың араласуымен Р.Қошқарбаевқа 1999 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының жоғарғы «Халық қаһарманы» атағы берілді. 2005 жылы Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі, т.ғ.к. Болат Асановтың құжаттарының негізінде Ресей Федерациясының Президенті В.Путин Р.Қошқарбаевтың ерлігін ресми түрде мойындады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Неустроев С.А. Русский солдат: Путь к рейхстагу. – Екатеринбург: институт Урал, 1996. – 208 с.
2. Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында. (Тарихи-құжаттық зерттеу). – Алматы: Өнер, 2010. – 640 б.
3. Субботин В.Е. Соғыс қалай аяқталған еді. – Алматы: Жазушы, 1972, – 224 б.
4. Жанайбекова А. Ұлы жеңістің ерекше оқиғасы // Отан сақшысы. №22 (4912), 20 мамыр, 2000. – 6 б.
5. Асанов Б.К., Ким С.Е. Знамя Победы. Запоздалая правда. – Алматы: Агентство «Маматай», 2008. – 136 с.
6. Қошқарбаев Р. Жеңіс жалауы. Естелік. – Алматы, 1978. – 168 б.

БЕСІК В ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ

Юмакаева Э.А.

Астана ЕНУ, им. Л. Н. Гумилева

Бесік - это традиционная казахская колыбель, однако в настоящее время она практически не используется. Многие современные дети выросли без нее. Забывая народные предметы быта, связанные с ними традиции и обычаи, идет безвозвратная потеря национальной культуры.

Несмотря на всю важность и значительность бесік в контексте материальной культуры казахов, информация о нем достаточно фрагментарна и, как следствие, недостаточно работ специалистов - этнологов по данному вопросу.

В древности казахский народ вел кочевой, полукочевой образ жизни и поэтому существовала необходимость в удобной и практичной для переезда колыбели. Так и появился бесік. Люльку можно было привязать к седлу и